

## "Алтынсарин - Хромтау" жаңа темір жол желісінің құрылысы жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 13 шілде N 774

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Z020321\_ Заңының 21-бабы 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынысы қабылдансын және "Алтынсарин - Хромтау" жаңа темір жол желісі құрылысының бас мердігерлері болып мыналар белгіленсін:

"Темір жол құрылыс" ААҚ;

"Қазавтоқұрылыс" ЖШС.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етсін:

1) Арқа - Арыстансор станциясының ұзындығы 38 километр кіреберіс темір жолының меншік иесімен осы мүлікті мемлекеттік меншікке беру туралы мәселені шешу;

2) осы қаулының 2-тармағының 1) тармақшасы орындалғаннан кейін Арқа - Арыстансор станциясының ұзындығы 38 километр кіреберіс темір жолын "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының иелік етуіне және пайдалануына беру.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ-пен бірлесіп жаңа темір жол желісін электрмен жабдықтау шарттарын бір ай мерзімде қарасын және келіссін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ